

Пәннің аты: Қазақстан тарихы

Шонатаева К.Б

103Б топ

Мамандығы: Жалпы медицина

- **Арқайым** — орта қола кезеңінен (б.з.б. 2-ші мыңжылдық) сақталған тарих және мәдени ескерткіштер кешені. **Ресей** Федерациясындағы Челябині облысының Қазақстанға жақын оңтүстік аймағында, Үлкен Қарағанды және Өтеген өз-дерінің құйылысында орналасқан. Арқайым алқабының атымен аталған. Ескерткіш **1987** жылы ашылды. Содан бері кең көлемді ғылыми-зерттеулік жұмыстары жүргізілуде. Жанында осы аттас мәдени қорық пен зерттеу орталығы бар. Арқайым қонысы екі шеңберлі жал түрінде салынған, ортасында құрылыс салынбаған төртбұрышты алаң бар. Қоныстың жалпы ауданы 20000 м<sup>2</sup>, оның ауданы 8055 м<sup>2</sup> бөлігінде археологиялық, ал 14000 м<sup>2</sup> аумақта геофиз. зерттеулер жүргізілді. Қорған қабырғаларының қалыңдығы 3-5 м-ге жетеді. Қоныс сыртында тереңд. 1,2-1,5 м, ені 1,5 м ор бар. Арқайымның негізгі қонысында 70-ке жуық тұрғын үй болған. 30-ға жуығы қазылды. Қыш ыдыстар сынығы, тастан, сүйектен жасалған бұйымдар, мыс және күшәлалы қоладан құйылған жонғыштар, пышақтар, біздер мен алуан түрлі әшекейлер табылды. Арқайымдықтар мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан. Арқайым қышының жасалуы Абашев мәдениеті кезінде, Қима мәдениетінің алғашқы кезеңінде, Солтүстік Қазақстандағы Петров, Алакөл мәдениеттері кезінде жасалған ыдыстарға ұқсайды. Бұдан арқайымдықтардың ата-тегі бірнеше этник. топтардан құралғанын көруге болады. Арқайым — көлемі, құрылымдық сипаты, ғылыми деректерінің молдығы мен маңыздылығы жағынан тарих, археология ғылымдары үшін маңызды ескерткіш

## АРҚАЙЫМ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАБЫЛУЫ

Арқайым қаласының табылуы ғалымдар үшін ең үлкен жаңалықтардың бірі болды. Ғылым әлемінде бұл сенсациялық жаңалық “Қалалар ел”і, ал оған тән мәдениет “Арқайым-сынтасты мәдениеті”. ( б.з.д 4-2 мыңжылдық) деп аталады. Сынтасты қаласына қарағанда ол баз қалпында, идеалды жағдайда саОның бірегейлігі сол, мұндағы әрбір қоныс әрі қала, әрі қамал, әрі храм, әрі обсерватория, әрі өндірістік металлургиялық орталық десек болады. Әрбір қала алдын ала ойластырылған жоспар бойынша салынған, әуелі тұрғылықты жер нақты белгіленіп, межеленген, тіптен болашақ қаланың макет-жобасы да қолдарында болған. Олардың жобалауы да әртүрлі, бірі иілген, бірі шеңбер типтес не шартарап, квадратты құраған. Қалалардың арасы 40-70 км, бұл - жүк артқан салт аттының бір күндік жолы. Қала айналасына оның 2000-3000 тұрғынын азық-түлікпен, ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ететін ауылдар орналасқан. қталған. Оның жалпы ауданы - 20 мың шаршы метр.

- Арқайым - ең алдымен, алдырмас бекініс, қамал. Әуеден бақылап ұшып өткенде бірінің ішіне бірі кіріккен қос мықты қорғаныс қабырғасын көреміз, қираған тұрғын үйлер орны, орталық алаң және 4 қақпа ап-айқын көрінеді. Ішкі қабырғаның диаметрі - 85 м. ал сыртқы қабырға - 143-145м. Сыртқы қабырғаның қалыңдығы 4-5 м. онда арнайы қорғаныс тесіктері мен мұнара бар, биіктігі - 3,5-5 м. Бекініс қабырғасы ірі-ірі саз балшықты блоктардан тұрғызылған және аракідік таспен (Аланд, Ольгин тастары) қапталған. Қала ені 7 м.тереңдігі 1,5-2,5 м. ормен мықтылап құрсауланған. Ордың ішкі жағы ағашпен, шикі кірпішпен қаланған не балшықпен сыланған тоқыма талдармен мықталған. Айналыра қазылған ор қамал қабырғасын қорғауды жеңілдетіп, оның биіктігін зорайта түседі. Цитадельдің жасырын кіріп-шығар бір құпия есігі бар, ал нағыз кіріп-шығар қақпалары да көрер көзден жасырын ұсталады. Жау қалаға кірген күннің өзінде ішкі сақина-бекініске тап болады, үш жағынан бірдей атылған жебеден бас көтере алмай қалады. Бұл орайда проф. Г.Б.Зданович былай деп атап көрсетеді:.. «Қамалдың қақпасын және су көздерін қорғап тұрған контрфорстың, мұнараның және басқа құрылыстардың болуы әскери бекініс жүйесінің (фортификацияның) жеткілікті дәрежеде дамығандығын және ерекше бірегейлігін көрсетеді»

Арқайым тек бекініс-қорған емес, адамның тіршілігіне қажетті барлық жағдай жасалған тұрғын-жай қала. Қала шеңбер формасында болғандықтан арқайымдықтар трапеция типтес ғимараттарда тұрды. Әрбір тұрғын-жайдың ауданы 100 шаршы м.-ден 180 шаршы метрге дейін болды. Дөңгелектің шабақтары сияқты тарамдалған қабырғалар тұрғын үй шеңберін секторларға бөледі, осылайша кейбір үйлердің қабырғасы ортақ болып келеді. Шамамен қалада 60-тай үй-жай бар, оның 35-і сыртқы шеңберге, ал ішкі шеңберге 25 үй орналасқан. Әрбір үйдің түпкі жағында азық-түлік пен отын-су сақтайтын қойма-жертөлелер қазылған. Әрбір үйде бір-екі не үш құдық болады, оның бірі - ауыз-су үшін, ал енді бірі шаруашылық қажетіне пайдаланылған. Басқа қиын-қыстау күн түскенде мұндағы тұрғындар үйлерінен шықпай, айлап өмір сүре алған.

# *КӨНЕ АРҚАЙЫМ ҚАЛАСЫ*




# АРҚАЙЫМНЫҢ КАРТАДАҒЫ КЕСКІНІ






# Аркаим на карте

Взглянув на карту Челябинской области, мы увидим ниже Магнитогорска, около реки Большая Карачанка Аркаим.



Вот как выглядит местоположения Аркаима со спутника





# АРҚАЙЫМНЫҢ ОРНАЛАСУЫ









# АРҚАЙЫМ ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР











НАЗАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!!!